

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі, сенімгерлікпен басқару және денсаулық сақтаудағы жекешелендіру жобалары бойынша ақпарат

Ақпарат аймақтардың 2016 жылдың 1-тоқсанында ұсынған хаттары бойынша қалыптастырылған.

Мемлекеттік жеке-меншік әріптестігі

МЖӘ жобаларының тізбесі **47 жобаны** (30 БМСК, 13 стационар объектісі, құрал-жабдықтарды сатып алуға арналған 2 келісім шарт, ғимаратты симуляциялық орталыққа қайта құрылымдауға бағытталған 1 келісім-шарт, көмекші объектінің құрылысына арналған 1 келісімшарт) қамтиды, олардың ішінде:

2 – республикалық (Алматы және Қарағанды медициналық университеттері жанындағы 300 төсекке арналған көпбейінді ауруханалар);

45 – жергілікті (Ақмола – 3, Ақтөбе – 4, Алматы – 2, Атырау – 1, ШҚО – 2, Қостанай – 3, Қызылорда – 1, Маңғыстау – 2, Солтүстік Қазақстан – 1, Павлодар – 2, Оңтүстік Қазақстан – 10, Астана қ. – 4, Алматы қ. – 10).

Жергілікті маңызы бар жобалар әртүрлі дайындық сатысында:

- жоспарлаудың бастапқы сатысында 15 жоба жатыр (Ақмола – 2, Қостанай – 1, Павлодар – 2, Алматы – 10).

- инвестициялық ұсынысты әзірлеу және сараптамадан өту сатысында 1 жоба бар (Ақмола облысы);

- 15 жоба бойынша концессиялық жобаларды консультациялық ілестіруді қаржыландыруға арналған өтінім (Ақтөбе – 4, Қостанай – 2, ОҚО – 9);

- концессиялық ұсынысты, жобаның тұжырымдамасын, концессиялық жобаның ТЭН, конкурстық құжаттаманы, концессия шартының жобасын әзірлеу және сараптамадан өту сатысында 6 жоба (Атырау – 1, Қызылорда – 1, Маңғыстау – 2, Солтүстік Қазақстан – 1, Оңтүстік Қазақстан – 1);

- концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізу сатысында - 8 жоба (Астана қ. – 4, Алматы облысы – 2, ШҚО – 2).

Алматы облысының жобалары бойынша екі сатылы рәсімдерді пайдалану арқылы концессионерді таңдау бойынша конкурс жарияланды. Өтінімдердің болмауы себепті өткен жоқ. Қазіргі таңда концессионерді таңдау бойынша қайта конкурс жүргізуге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

ШҚО жобалары бойынша бір сатылы рәсімдерді пайдалану арқылы концессионерді таңдау бойынша конкурс жарияланды. Өтінімдердің болмауы себепті өткен жоқ. Қазіргі таңда концессионерді таңдау бойынша қайта конкурс жүргізуге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Астана қаласының жобалары бойынша 9.04.2016 жылы екі сатылы рәсімдерді пайдалану арқылы концессионерді таңдау бойынша конкурс жарияланды.

Қарағанды, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарында МЖӘ жобалары көзделмеген.

Сенімгерлікпен басқару

Сенімгерлікпен басқару жобаларының тізбесі 21 жобаны қамтиды (6 – аурухана, 13 – МСАК, 2 – оқу мекемесі).

12 жоба қарау жоспарлану сатысында (Павлодар -3, Оңтүстік Қазақстан – 3, Алматы – 6)

Қостанай облысының жобасы бойынша тендер жүргізілуде.

4 жобаны сенімгерлікпен басқаруға беру аяқталды: Жамбыл облысы Тараз қ. № 6 қалалық емхана, Батыс Қазақстан облыстық балалар стоматологиясы, Алматы қ. экстракорпоралдық ұрықтандыру жөніндегі бейінді қызметтермен МҰ арналған, Ақтөбе қ. облыстық шұғыл кезек күттірмейтін мед.көмек көрсету станциясының корпустары.

Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарында жобалар көзделмеген.

Жекешелендіру

Денсаулық сақтау объектілерін жекешелендіру жобаларының тізімі жергілікті маңыздағы 16 объектіні қамтиды.

Қазіргі таңда 7 жоба іске асырылды (*Батыс Қазақстан – 1, Солтүстік Қазақстан – 1, Павлодар – 1, Жамбыл – 1, Астана қ. – 3*).

2016 жылы 7 жобаны іске асыру жоспарланады (*Ақмола – 1, Шығыс Қазақстан – 2, Қарағанды – 1, Қызылорда – 1, Алматы қ. – 2*).

2017 жылы 1 жобаны іске асыру жоспарланған (*Қостанай – 1*).

1 жоба бойынша тендерді қайта өткізу 2018 жылға ауыстырылды. (*Оңтүстік Қазақстан -1*)